

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Балапан» мектепке дейінгі ұйымы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының өзін-өзі бағалау қорытынды есебі

28 қараша 2023 жыл

«Балапан» мектепке дейінгі ұйымы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынында Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 59 бабының 4-1 тармақшасы негізінде және 2023 жылғы 11 қараша өткізілген кезектен тыс педагогикалық кеңестің (№2 хаттамасы) шешімі негізінде 2023 жылдың 01.12-31 желтоқсан аралығында балабақшада өзін-өзі бағалау жұмысы ұйымдастырылды. Өзін-өзі бағалау жұмысын жүргізу үшін балабақша меңгерушісінің 2023 жылғы 11 қараша №25 -Н/Қ бұйрығымен комиссия құрамы төмендегідей құрылды:

- 1) А.К.Абдиганиева – комиссия төрағасы, балабақша меңгерушісі
- 2) А.К.Ерназарова – комиссия мүшесі, балабақша әдіскері
- 3) А.С.Абдуалиева – комиссия мүшесі, балабақша педагог-психологі
- 4) Л.А.Калмағанбетова – комиссия мүшесі, балабақша тәрбиешісі
- 5) Н.С.Абдуллина – комиссия мүшесі, балабақша тәрбиешісі

Комиссия мүшелері Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары», Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығына қосымша «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар» нормативтік құжаттар негізінде, бағалау өлшемшарттарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖБМБС талаптарына сәйкестігіне және мекеменің материалдық базасына талдау жүргізді. Сонымен бірге білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тексеріліп, бағалау өлшемшарттар негізінде «Балапан» мектепке дейінгі ұйым қызметі бағаланды.

I. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәлімет

1. Білім беру ұйымының толық атауы

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Балапан» мектепке дейінгі ұйымы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны

2. Білім беру ұйымының орналасқан жері

(заңды мекенжайы және нақты орналасқан жерінің мекен-жайы)

Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Аралтоғай ауылдық округі, Амангелді көшесі, 15 үйі, пошталық индексі 030106.

3. Заңды тұлғаның байланыс деректері

(телефон, электрондық пошта, web-сайт)

Білім беру ұйымының сайт атауы: <http://balapan.aitekebi.edu.kz/kz/>

Электрондық поштасы: balapan10@mail.kz

Инстаграм парақшасы: [balapan.balabakwasy](https://www.instagram.com/balapan.balabakwasy)

4. Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері

(басшының Т.А.Ә., лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі)

Мекеме басшысы: **Абдиганнева Айдана Кабылбаевна** Әйтеке би аудандық білім бөлімінің 2016 жылғы 29 желтоқсан № 228 бұйрығымен тағайындалған.
ұялы телефоны: 8 771 183 41 30

5. Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары (заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың/куәліктің және Жарғының көшірмесі қоса беріледі)

Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама 2021 жылғы 13 қаңтарда берілген. Алғашқы мемлекеттік тіркеу күні 12.12.2006 жыл, БСН-061240006108. «Ақтөбе облысы әкімдігі» мекеменің құрылтайшысы болып табылады. "Білім туралы" Заңның 41-бабы мен МДҰ үлгілік қағидаларына сәйкес мекеменің Жарғысы әзірленген. Мекеменің Жарғысы Ақтөбе облысы әкімдігінің 2020 жылғы 23 желтоқсандағы № 469 бұйрығымен бекітілген.

6. Рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон)

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметті жүзеге асыру туралы **хабарлама** Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментімен 15.02.2022 жылы № KZ14RVK00038356 берілген.

Ғимарат туралы мәлімет

«Балапан» мектепке дейінгі мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының меншік иесі құқығына иелік ететін құжаты бар:

Ғимараттың техникалық төлқұжаты.

Салынған жылы: 1972 жыл. Балабақшаның типтік үлгідегі екі қабатты ғимараты күрделі жөндеуден өтіп, 2010 жылдың 1 желтоқсан күнінен жұмыс жасап келеді.

Жобалық қуаты – 50 орын.

Білім беру мекемесінің меншік иесі құқығына иелік ететін құжаты бар:

Тұрақты жер пайдалану актісі.

Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі 02:024:039:112:1

Жалпы ауданы – 537,5 кв.м

Балабақшаның ғимараты 2010 жылдан бері жеке жылу жүйесіне қосылған, 2 жылыту қазандығы («КВУ - 2») жұмыс жасап тұр. Балабақша салқын және ыстық сумен толық қамтамасыз етілген. Ыстық су 65 литрлік бойлермен жылытылады. Ғимарат ішінде жылы дәретханалар әр топта орнатылған. Кәріз құбыры орталықтандырылған құбырға жалғанған.

«Балапан » мектепке дейінгі 50 орынға арналған, қазақ тілінде 3 топ жұмыс жасайды. Мектепке дейінгі мекемеде барлығы 25 адам қызмет етеді, оның ішінде педагог қызметкерлер жалпы саны – 10 (декреттік демалыста-3 педагог)

Қосымша-1: Білім беру ұйымының құрылтай құжаттары есепке қоса жалғанады

II. Кадрлық құрамға талдау

Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға өлшем шарттар

2.1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29329 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын (бұдан әрі- Үлгілік қағидалар) сақтау;

Талдау:

«Балапан» мектепке дейінгі ұйымның алға қойған мақсаты: мектеп жасына дейінгі балалардың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, қабілеттеріне сәйкес білім, білік және өз бетінше үйрену дағдыларын қалыптастыру, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу.

Міндеттері:

- балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;
- Креативтілік-шығармашылыққа деген қабілеттік, жаңаны ойлап шығару мүмкінділігі;
- балаларды қызықты ойын түрінде (шаршауды болдырмау үшін) тәрбиелеу, оқыту және дамыту;
- ұлттық мәдениет пен дәстүр арқылы рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде баланың жеке қасиеттерін қалыптастыру;
- Отанды, ана тілін сүйеге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу;
- Балаларды сапалы мектепке дайындауға бағытталған инновациялық әдістер мен технологияларды енгізу;
- Мектепке дейінгі ұйым мен отбасының өзара ықпалдастығын арттыру.

«Балапан» бөбекжай-балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны тәрбиелеу мен оқыту қызметін мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің тәртібін айқындайтын Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен 1-қосымшасы бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» негізінде ұйымдастырады. Өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары мен мекеме Жарғысын және Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

«Балапан» мектепке дейінгі ұйымында барлығы 10 педагогикалық кадр жұмыс жасайды. 2021-2022, 2022-2023, оқу жылдары педагог кадрлар саны – 8 болды. Мектепке дейінгі мекемеде кадрлар толық мамандандырылған. Барлық педагогта «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» бейіні бар. Жоғарғы және арнаулы орта білімдер туралы мәліметтер кестеде берілген:

Педагогтардың білімі бойынша:

Оқу жылдары	Барлық педагогтар	Арнайы жоғары білімді	Мектепке дейінгі жоғары білім	Мектепке дейінгі арнаулы орта білім	Арнаулы орта білім
2021-2022	8	1 (12,5)	3 (37,5%)	5 (62,5%)	
2022-2023	8	1 (12,5)	7 (87,5%)	1 (12,5%)	
2023-2024 (қыркүйек-қараша)	8	1 (12,5)	5 (71,5%)	2 (28,5 %)	-

Әдістемелік ұсынымдарға 2-қосымшаға сәйкес педагогикалық кадрлар туралы мәлімет кестеде көрсетілген және есепке қоса жалғанады.

Мектепке дейінгі ұйымның педагог қызметкерлердің штаттық кестесі ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы №77 қаулысымен бекітілген «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарына» сәйкес жасалған, 21,5 бірлікті құрайды және «Әйтеке би аудандық білім бөлімінің» басшысымен келісілген, мекеме басшысымен бекітілген.

Балабақшаның сайтына тарифтік штаттық кесте орналастырылған. Балабақша педагогтері мен қосымша қызметкерлері ҚР ДСМ-нің 2020 жылғы 15 қазандағы № 131/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21443 болып тіркелген) сәйкес жыл сайын медициналық зерттеп-қараудан өтеді.

«Балапан » мектепке дейінгі ұйым штаттық кесте бірліктері:

№	Қызмет атауы	бірліктер
1	Меңгеруші	1
2	Әдіскер	0,5
3	Тәрбиеші	4
4	Педагог-психолог	0,5
5	Музыка жетекшісі	0,5
6	Тәрбиеші көмекшісі	2
7	Медбике	0,5
8	Шаруашылық меңгерушісі	0,5
9	Есепші	0,5
10	Аспаз	1
11	Асхана жұмысшысы	0,5
12	Кір жуушы	1
13	Кастелянша	0,5
14	Күзетші	3
15	Мекеме қызметкері	1
16	Қосалқы жұмысшы	0,5
17	Жылыту қазандығы операторы	3
18	Электрик	1
19	Медбике	0,5
20	Еден жуушы	1
	Барлығы:	21,5 (бірлік)

«Балапан» мектепке дейінгі педагогикалық кадрларының біліктілік санатының деңгейін арттыру/растау туралы мәліметтер:

Оқу жылдары	Жалпы саны	Жоғары	I	II	%	Санаты жоқ	%	Педагог - Зерттеуші	Педагог-Сарапшы	Педагог-Модератор	%	Басшы-ұйымдастырушы	%
2021-2022	8	0	1	2	37,5	2	25	0	0	3	37,5	0	0
2022-2023	8	0	1	1	25	2	25	0	1	3	50	0	0
2023-2024 (қыркүйек-қараша)	8	0	1	1	25	3	37,5	0	0	3	37,5	0	0

Мектепке дейінгі ұйымда 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары бойынша «I санатты» – 1 педагог, II санатты» – 1 педагог, «Санаты жоқ» – 3 педагог болса, «Педагог-Сарапшы»- 1(декретте), «педагог-модератор»- 3. Мектепке дейінгі ұйым әкімшілігі педагогтардың біліктілік санатын көтеруге көп көңіл бөледі.

Педагогтердің тиісті бейін бойынша біліктіліктің арттыру туралы мәліметтер:

1. А.К. Абдиганиева – балабақша меңгерушісі

1) Педагогикалық шеберлік орталығы Ақтөбе филалы «Мектепке дейінгі ұйымдағы менеджмент практикасы: балаларды дамыту бағдары» (80 сағат) 05.10.2022-04.11.2022 №378fa4bff

2) «Өрлеу» БАҰО АҚ Ақтөбе қаласы, №0375908. 27.11.2020ж
"Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында білім беру ұйымдарының педагогикалық менеджменті" (80 сағат)
19.11-27.11.2020жыл

3) «Өрлеу» БАҰО АҚ Ақтөбе қаласы, №0376086. 11.12.2020ж
"Мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жаңарту жағдайындағы әдістемелік жұмыстың ұйымдастырушылық – педагогикалық аспектілері" (72 сағат)
30.11-11.12.2020 жыл

2. А.К. Керуенбаева – әдіскер

1) «Өрлеу» БАҰО АҚ Ақтөбе қаласы, №03255587 24.05.2019ж
«Мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында әдістемелік жұмыстарды ұйымдастырудың педагогикалық аспектілері» (72 сағат) 13.05-24.05.2019ж

2. Педагогикалық шеберлік орталығы, Ақтөбе қаласы, №3532e6711. 20.09.2022
«Баланы ерте дамыту бағдарлары білім беру бағдарламасы бойынша»(170 сағат)

3. А.С. Абдуалиева – педагог психолог

1) «Өрлеу» БАҰО АҚ Ақтөбе облысы, № 0256127. 22.02.2019ж
"Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту мен тәрбиелеудің заманауи технологиялары" (80 сағат) 11-22.02.2019ж

4. Н.С. Абдуллина – тәрбиеші

1) «Өрлеу» БАҰО АҚ Ақтөбе облысы, №0375943.27.11.2020ж
"Мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жаңарту жағдайындағы әдістемелік жұмыстың ұйымдастырушылық педагогикалық аспектілері" (72 сағат) 16.11-27.11.2020ж

5. Л.А. Қалмағамбетова – тәрбиеші

1) «Өрлеу» БАҰО АҚ Ақтөбе облысы №0408982 02.07.2021ж

"Мектепке дейінгі ұйымның сапасын бағалау негізі ретінде заттық кеңістік дамытушы ортасын жобалау " (72 сағат) 21.06.2021-02.07.2021ж

6.Т.К. Ерназарова – тәрбиеші

Педагогикалық шеберлік орталығы, Ақтөбе қаласы ВТ № 007529, 14.06.2021ж

«Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы» (235 сағат)

ҚР оқу-ағарту министрлігі балаларды ерте дамыту институты №001270 19.05.2023ж «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының іске асуы» (72 сағат)

7.Д.К.Телеуова-тәрбиеші

Педагогикалық шеберлік орталығы, Ақтөбе қаласы, №ВТ №004610. 02.11.2020ж

«Мектепке дейінгі ұйым педагогтарының біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы» (235 сағат)

8.Ш.Б.Избасарва - тәрбиеші

1) «Өрлеу» БАҰО АҚ Ақтөбе облысы. №0325700. 25.09.2019ж

«Мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жаңарту жағдайындағы әдістемелік жұмыстың ұйымдастырушылық – педагогикалық аспектілері» (72 сағат)02.09-25.09.2019ж

2) «Өрлеу» БАҰО АҚ Ақтөбе облысы. № 0541101. 13.04.2023ж

«Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын құзыреттілігін дамыту» (72 сағат)03.04.2023-13.04.2023ж

9.З.С.Сапарғали – музыка жетекшісі

1) «Өрлеу» БАҰО АҚ Ақтөбе облысы, №0157593 21.04.2017ж.

"Мектепке дейінгі тәрбие және білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында музыкалық жетекшілерінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту (72 сағат) 10.04-21.04.2017ж

Қосымша-2: Әдістемелік ұсынымдарға 2-қосымшаға сәйкес толтырылған кесте, педагог кадрлардың тиісті бейін бойынша білімі туралы құжаттары, санаттары туралы куәліктері, біліктілікті арттыру құжаттары, білім беру ұйымының штаттық кестесі есепке қоса жалғанады.

Ұсыныс: Педагогтар біліктілік санатының деңгейін көтеруге жұмыстану керек.

Қорытынды:

1. Педагогтардың диплом бойынша «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығы атқарып жүрген қызметтеріне сәйкес келеді.

2. Мектепке дейінгі ұйымда жұмыс жасайтын барлық педагогтар тиісті бейіні бойынша біліктіліктерін уақытында арттырған.

III. Тәрбиеленушілер контингенті

3.1. Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға өлшемшарттар:

«Балапан» мектепке дейінгі ұйым МКҚК-нда Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығына 1-қосымша "Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары" сақталуы басты назарда ұсталады.

Мектепке дейінгі ұйымның түрі:

«Балапан» мектепке дейінгі ұйым – бір жастағы және мектеп алды даярлық тобына қабылданғанға дейінгі балаларға арналған мектеп жасына дейінгі топтардың болуын қарастырады. Балабақшаның жұмыс тәртібі 5 күндік жұмыс аптасымен балалардың 10,5 сағат болуымен белгіленген.

Мектепке дейінгі ұйымның негізгі құрылымдық бірлігі жас тобы болып табылады, топтар жас ерекшелігі әртүрлі қағидасы бойынша жасақталған.

№	Оқу жылы	Топ аты	Бала саны	Оқыту-тәрбиелеу тілі
1	2021-2022 оқу жылы	«Балдырған» ересек тобы	44	Қазақша
		«Балбөбек» ортаңғы тобы		
		«Балапан» кіші тобы		
2	2022-2023 оқу жылы	«Балдырған» ересек тобы	39	Қазақша
		«Балбөбек» ортаңғы тобы		
		«Балапан» кіші тобы		
3	2023-2024 оқу жылы Қыркүйек-қараша	«Балдырған» ересек тобы	45	Қазақша
		«Балбөбек» ортаңғы тобы		
		«Балапан» кіші тобы		

Жасына байланысты, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілер туралы мәліметтер; ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды ескере отырып, жас топтарының толықтығы туралы мәліметтер:

Талдау: «Балапан» мектепке дейінгі ұйымында 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары бойынша ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушы болды.

Білім алушылар (тәрбиеленушілер) контингентінің қозғалысы туралы мәліметтер:

Мектепке дейінгі ұйымға тәрбиеленушілер 2 жастан бастап қабылданады. Әр оқу жылының басында тамыз айында өз жастарына сәйкес топтарға бекітіліп, 4 жасқа толғанда ересек тобынан шығарылады. Тәрбиеленушілерді қабылдау және есептен шығару өз мерзімінде жүргізілген.

Білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру туралы мәліметтер:

Тәрбиеленушілерді мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарға қабылдау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 19 маусымдағы № 254 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20883 болып тіркелген) (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер қағидалары) жүзеге асырылады.

Мектепке дейінгі ұйым жыл сайын мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру туралы шарт жасасып отырады. Ағымдағы жылдың 06 қараша күні аудан жанынан құрылған мониторингтік топ келіп құжаттар толтырылып, білім беру тапсырысы орналастыруға сәйкес деген АКТ жасалды.

3.2. Тәрбие және оқыту мерзіміне қойылатын талаптар:

1) Балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау:

Талдау:

Мектепке дейінгі ұйымға тәрбиеленушілер 2 жасқа толғаннан бастап қабылданады. Әр оқу жылының басында, тамыз айында тәрбиеленушілер ағымдағы жылдағы толық жасы ескеріліп, өз жастарына сәйкес топтарға бекітіледі. 2021-2022, 2022-2023 және 2023-2024 (қыркүйек-қараша) оқу жылдары бойынша балалардың жас топтары туралы мәліметі әдістемелік ұсынымдардың 3-қосымшасына сәйкес кестеде берілген. МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес балалардың физикалық және психикалық дамуының жас кезеңдерін ескере отырып, келесі жас топтарында іске асырылады.

Жас топтары балалардың күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып, оқу жылының басында жасақталады:

«Балапан» мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілер «Жас ерекшелігі әртүрлі қағидасы» бойынша толықтырылып, төмендегідей жас топтары жасақталған:

1. *«Балапан» кіші тобы* (2 жастағы балалар) – 14 бала
2. *«Балбөбек» ортағы топ* (3 жастағы балалар) – 16 бала
3. *«Балдырған» ересек топ* (4 жастағы балалар) – 15

Тәрбиеленушілерді бір жас тобынан басқасына ауыстыру тәрбиеленушінің ағымдағы күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып, ағымдағы жылғы 1-31 тамыз аралығында жүзеге асырылған.

2) 1-сыныпқа тәрбиеленушіні қабылдағанға дейін МДТО оқу бағдарламасын игеру мерзімдерін сақтау

Талдау:

Мектепке дейінгі мекемеде мектепалды даярлық топтары жоқ. Ересек топ тәрбиеленушілері 5 жастан бастап балабақшадан шығарылады.

2021-2022 оқу жылында – 44 бала, 2022-2023 оқу жылында – 39 бала, 2023-2024 (қыркүйек-қараша) оқу жылында – 46 бала мектепке дейінгі ұйымға қабылданып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгерген, меңгеру мерзімі сақталған. Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру және өткізу кезінде тәрбиеленушілердің қызығушылықтары, қажеттіліктері, жас және жеке ерекшеліктері ескерілген.

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес, мектепке дейінгі ұйымда мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасының мазмұнын меңгеру кезеңі, оқу - тәрбиелеу процесі 1 қыркүйектен бастап 25 мамырға дейін жүзеге асырылады.

Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру мерзімі – 5 жыл, бір жас тобында – 1 жыл

Педагог балаға: ненің «дұрыс» және ненің «бұрыс» екенін түсінуді; сыпайы және мейірімді болуды; дос болуды, құрметтеуді, көмектесуді, бөлісуді; қызығушылық танытуды, қоршаған әлемді бақылауды және зерттеуді; тыңдауды, түсінуді және саналы сөйлеуді; қауіпсіз мінез-құлық ережелері мен салауатты

әдеттерді сақтауды; физикалық белсенділікке, соның ішінде белсенді қимыл ойындарын ойнауды; өзі ойнауды; ересектерге көмектесуге, еңбекқорлыққа; ата-анасына, достарына, туған өлкесіне деген сүйіспеншілік пен қамқорлық көрсете білуді, отбасын бағалауды; өзіне қамқорлық жасауға және ниетін білдіруге үйретеді.

Қосымша-3: Тәрбиеленушілер контингентінің тізімі (әдістемелік ұсынымдарға 3-қосымшаға сәйкес кесте), инклюзив балалардың болмағаны туралы анықтама қоса жалғанады

Қорытынды: Жас топтарын қалыптастыру кезінде тәрбиеленушілердің жас кезеңдері ескерілген.

IV. ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫС

Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға өлшемшарттар:

1) Оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметтің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының (бұдан әрі – ҮОЖ) талаптарына сәйкестігі;

Талдау:

Балабақшаның 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 (*қыркүйек- қараша*) оқу жылдары аралығындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үшін құрылған оқу жұмыс жоспарларындағы білім беру салалары мен ұйымдастырылған оқу қызметінің мектепке дейінгі ұйымның МЖМБС талаптары мен ҮОЖ талаптарына сәйкестігі тексерілді. Аталған жылдардағы барлық оқу жұмыс жоспарлары, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестелері мекеме басшысымен бекітілген, мекеменің мөрімен куәландырылған. Тәрбиеленушілердің апталық оқу жүктемесінің көлемі ұзақтығы мен ұйымдастырылған оқу қызметі санитарлық-гигиеналық нормалар мен ережелер талаптарына сәйкес келеді.

«Балапан» мектепке дейінгі ұйым МКҚК тәрбиелеу-білім беру қызметін:

1) «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі – Стандарт) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына;

2) «Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17657 болып тіркелген). (ҚР Оқу-ағарту министрінің 09.09.2022 № 394) (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына;

3) «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары);

4) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік оқу бағдарламасы);

5) мектепке дейінгі ұйымдар үшін әзірленген, өңірлік әдістемелік орталықтың ғылыми кеңесінде бекітілген және қолдануға ұсынылған білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырады.

2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары

Балабақша педагогтары 2021-2022 оқу жылдары оқыту мен тәрбиелеу процесін жаңартылған білім мазмұнын бағдарламаның негізгі идеялары балалардың бойында ерте жастан дамыту қажет негізгі дағдылармен тығыз байланыстыруда:

4К моделі:

-сыни ойлау

-креативтілік

-коммуникативтілік

-командада жұмыс істеу.

Тұтас бала бейнесін қалыптастыруда бала үнін тыңдау, баланың қажеттіліктерін ескеру.

Ойын арқылы оқыту - педагог жетекшілігімен ойын, құрылымдалған ойын, еркін ойындарды басшылыққа алып жұмыс жүргізуде. 2021-2022 оқу жылдарында циклограммада Смарт мақсат 4К моделінің 3 ойын, бала үні, бақылау, кері байланыс сияқты түйінді идеяларын басымды түрде іс-тәжірибеге енгізіп, 2021-2022 оқу жылында Перспективалық жоспарда Смарт мақсат (қолжетімді) яғни, балаға бағытталған мақсатпен жұмыс жасауда.

Мектеп жасына дейінгі балаларда **4К моделі** бойынша негізгі құзыреттерді қалыптастыру, «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық» және «Әлеумет» білім беру салаларынаерте жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқытудың мазмұны енгізілген, ол білім беру салаларын кіріктіру және балалар әрекетінің түрлері (ойын, қимыл, дербес) арқылы іске асырылды.

Барлық топтардағы оқу жүктемелерінің көлемі үлгілік оқу жоспарына сәйкес келеді және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес ортаңғы топтан бастап, вариативті компонент енгізілді.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі **кіші топта** – 9 сағат (10-15минут); оның ішінде бұл топтарда вариативтік компонент қарастырылмаған. **Ортаңғы топта** - 11 сағат (15-20минут); **ересек топта** – 12 сағат (20-25 минут), оның ішінде вариативтік компоненттің апталық оқу жүктемесінің жалпы көлемі

мынадай: ортаңғы топ балалары үшін – 1 сағатты; ересек топ балалары үшін – 2 сағатты құрайды.

Ұйымдастырылған оқу іс-шараларының кестесі жасалып, мекеме басшысымен бекітілген. Бөбекжай-балабақшасының оқу жоспары бойынша топтарда перспективалық жоспар жасалып, апталық циклограммалар толтырылды.

2021-2022 оқу жылында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жұмыстық оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты»¹ қосымшасы негізінде және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы № 195 бұйрығымен мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына сәйкес құрылған. Ұйымдастырылған оқу іс -шараларының кестесі жасалып бекітілген. Осы аталған оқу жылдарындағы оқу жұмыс жоспарлары талапқа сай құрылған. Оқу жоспарларында «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салалары бойынша балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу жүктемелері бөлінген.

2022-2023/ 2023-2024 оқу жылын ұйымдастырудағы ерекшеліктер:

2022-2023/ 2023-2024 оқу жылында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жұмыстық оқу жоспары «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі – Стандарт) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына және **2022-2023/ 2023-2024 оқу жылында** тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатқа сәйкес құрылған.

2022-2023/ 2023-2024 оқу жылындағы негізгі міндеттер белгіленген, ол мынадай бағыттарды қамтиды:

- 1) әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құру;
- 2) балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;
- 3) тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру;
- 4) Отанды, ана тілін сүйуге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу; баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мүмкіндіктер беру.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда мектепке дейінгі ұйым педагогтары:

- ойын арқылы оқыту;
- түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту қағидаларын басты назарда ұстаған.

Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша:

- физикалық дамыту;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;
- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады.

«Шаңырақ» бөбекжай-балабақшасы МКҚК-ның педагогикалық ұжымы тәрбиелеу білім беру процесін

- перспективалық жоспары;
- циклограммасы;
- бала дамуының мониторингі арқылы іске асырады.

Перспективалық жоспарды ұйымдастырылған іс-әрекеттер бойынша тәрбиешілер, мамандар оқу жылы басталғанға дейін жылына жасап, мекеме басшысымен бекіттірген. Перспективалық жоспарда әрбір ұйымдастырылған іс-әрекеттердің Үлгілік оқу бағдарламасы негізінде бір айға міндеттері айқындалған. *Циклограмманың* ұйымдастырылған іс-әрекет бөлімінде мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізілетін денешынықтыру, қазақ тілі, сауат ашу негіздері және музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері толтырылады. Бұдан басқа ұйымдастырылған іс-әрекеттер түрлі балалар әрекеттері арқылы күні бойы күн тәртібіне сәйкес толтырылады және іске асырылады.

Циклограмма әр аптаға құрылған, ол балаларды қабылдаудан бастап, түрлі балалар әрекеттерін, серуенді өткізуді, күндізгі ұйқыны ұйымдастыруды, яғни балалардың үйге қайтуына дейін күн тәртібінің орындалуын қамтамасыз етеді. Циклограмманың құрылымы күн тәртібіне сәйкес құрылған. Балабақша топтарының циклограммалары:

- аптаның әрбір күніне Перспективалық жоспардағы ұйымдастырылған іс-әрекеттердің міндеттеріне сәйкес балалармен өткізілетін әрекет түрлерін анықталған;
- әрбір әрекет түрлерін өткізуде бағдарлама мазмұнын жүйелілік пен сабақтастық қағидасын сақтай отырып жасалған;
- балаларды тәрбиелеу мен оқытуда инновациялық технологиялар, әдістер мен тәсілдер қолданылған;
- әрбір балалар әрекетін ұйымдастыру үшін жайлы заттық дамытушы орта құрылған.

«Балапан» мектепке дейінгі 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушы 2 бала болды .

2023-2024 оқу жылының қыркүйек-қараша айлары бойынша ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушы болған жоқ.

Қосымша-4: Бағаланатын кезеңнің бекітілген жұмыс оқу жоспарлары, сабақ кестесі, күн тәртібі есепке қоса жалғанады.

Қорытынды: Мектепке дейінгі ұйымның оқу жоспарлары үлгілік оқу жоспарына сәйкес құрылған.

2) Білім беру қызметін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі—МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес іске асыру;

Талдау :

2021-2022, оқу жылының ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 қыркүйегінде № 412 бұйрығын, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын, «Мектепке дейінгі балалық шақ - 2021» Республикалық орталығының әдістемелік нұсқаулық хаты, Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдардағы 2021-2022 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хаты негізге алып құрастырылды.

2021-2022 оқу жылдары мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 қыркүйектегі № 412 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына» негізделген.

Ұйымдастырылған оқу қызметтері Перспективалық жоспар мен Үлгілік оқу жоспарына сәйкес іске асырылады. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу қызметінің бөлінуін растайтын құжаттар соның ішінде күн тәртібі, өтпелі тақырыптар мен циклограммаларға сәйкес перспективалық жоспары, оның ішінде жылдық жұмыс жоспарлары құрылып, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі мекеме басшысымен бекітілген.

2021-2022 оқу жылдары Балабақшада қолданылған бағдарлама мазмұны:

- күтілетін оқыту нәтижелері түрінде ұсынылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге;
- дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруға;
- мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасындағы оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерін ескере отырып, сабақтастық пен үздіксіздік қағидаларын қамтамасыз етуге;
- бастауыш білім беру ұйымдарында мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді оқыту үшін тең бастапқы мүмкіндіктер беруге бағытталған.

- "Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыруға;
- креативтілікті, коммуникабельдікті, сыни ойлауды және командада жұмыс істей білуді дамытуға бағытталған әлеуметтік-тұлғалық қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған.

Балабақша педагогтары балалардың ойлау қабілеттерін, белсендігін арттырып, рухани-адамгершілік қасиеттері мен патриоттық сезімдерін дамыта отырып әр жастағы балалардың даму деңгейіне сәйкес және өздерінің кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында ұйымдастырылған оқу қызметтерінен тыс вариативтік компонентіне бағдарлама құрастырды.

Вариативтік бөліктегі ұйымдастырылған оқу қызметтің тізбесіне: Балабақшаның ортаңғы топта «Өнерлі балақай», ересек топтарында «Жас зерттеуші», «Тапқыштар әлемі» тақырыбында алынды. Педагогикалық процесті ұйымдастыру және базалық мазмұнының толықтыру мақсатында төмендегідей бейімделген бағдарлама қолданылды:

1. «Өнерлі балақай» /1 сағ – ортаңғы топта
2. «Жас зерттеуші» /1 сағ – ересек топта
3. «Тапқыштар әлемі» /1 сағ – ересек топта

Барлық бейімделген бағдарламалар «әйтеке би аудандық білім бөлімі» ММ-мен бекітілді.

Вариативтілік бағдарламалар білім беру процессінің сапасын қамтамасыз етеді, баланың толыққанды дамуына әр жастағы балалардың даму деңгейіне сәйкес келесі жасқа өтуінде сабақтастықты сақтай отырып, әлеуметтік тұлғалық дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасайды, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытады.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының міндеттерін іске асыру мақсатында жаңа талабына сай баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, адамгершілік сынды қасиеттерді саналарына сіңіріп, жаһандану заманында өз елін қорғайтын, үлкенді сыйлайтын «Мәңгілік Ел» ұрпағын тәрбиелеп, балаға жүйелі білім бере отырып, дені сау, білімді, өнерлі ұрпақ тәрбиелеуге үлес қосуды балабақшаның басты мақсатымыз деп түсінген педагогтар осы вариативтік бөлімдерді құрастырып, аудандық білім бөлімінің мектепке дейінгі бөлім әдістемелік кабинетімен бекітіп жұмыс жасауда. Қазіргі таңда күрделі мәселелердің бірі болып отырған ана-тілі де бала үшін асыл қасиет екенін ұқтыру да баршамыздың міндетіміз. Елбасы айтқан ана тіліміз Мәңгілік елдің мәңгілік тіліне айналуы үшін бірқатар маңызды іс-шараларды жүзеге асырып, соның нақты нәтижесінен қорытынды шығаруымыз керек.

2022-2023 оқу жылы

2022-2023 оқу жылындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" ҚР Оқу-ағарту министрінің 14.10.2022 жылғы № 422 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына» негізделген.

Мектепке дейінгі ұйымда мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін жайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасау, баланың даралығы

мен субъективтілігін қолдауға бағытталған дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны, оның ішінде арнайы ортаны құру, олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыру, мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз ету, балалардың физикалық дамуы, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру, баланың зияткерлік, әлеуметтік дағдыларын және тұлғасын дамыту үшін инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану, оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерінің бірлігін қамтамасыз ету, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, отаншылдыққа, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру, баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығы үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді беру болып табылады.

Бағдарламаның мазмұны:

- ✓ дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруға;
- ✓ балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуге, қолдың ұсақ моторикасын, командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуға;
- ✓ тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгертуге;
- ✓ өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру, қоршаған әлемді эмоционалды тану, тәрбиеленушілердің өзіндік шығармашылық іс-әрекеті үшін жағдай жасауға;
- ✓ тәрбиеленушілерді, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оң әлеуметтендіру, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, қоғам және мемлекет, отбасы дәстүрлеріне баулу, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға;
- ✓ мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасындағы оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерін ескере отырып, сабақтастық пен үздіксіздік қағидаларын қамтамасыз етуге бағытталған.

Балабақшада мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандарты мен Үлгілік оқу жоспарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнында: 1) тәрбиелеу-білім беру процесінің міндеттерін іске асыру; 2) ұйымдастырылған іс-әрекеттің мазмұны; 3) білім беру іс-әрекетін тиімді кіріктіру; 4) сабақтастық принциптерін, тәрбие мен оқытудың үздіксіздігін қамтамасыз ету; 5) ұйымдастырылған іс-әрекеттің күтілетін нәтижелері қарастырылған.

Бағдарламаның мазмұны балалардың физикалық және психикалық дамуының жас кезеңдерін ескере отырып, келесі жас топтарында іске асырылған:

- кіші топ – 2 жастағы балалар;
- ортаңғы топ – 3 жастағы балалар;
- ересек топ – 4 жастағы балалар;

Бағдарламаның мазмұнын меңгеру мерзімі – 5 жыл, бір жас тобында – 1 жыл.

«Балапан» мектепке дейінгі ұйым әр жас топтары бойынша перспективалық жоспарларында төмендегідей мақсат-міндеттер жүзеге асырылған:

«Балапан» кіші тобы бойынша:

- қимылды, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білім, білік және дағдыларын, өз бетінше үйрену дағдыларын соның ішінде ерте жастағы балаларда қалыптастыруға;
- балалардың өмірін қорғауға және денсаулықты нығайтуға, ағзаның үйлесімді психофизикалық дамуы үшін жағдай жасау;
- дененің өсуі мен дамуының табиғи процестерін жетілдіру, қимыл-қозғалыстарға деген биологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыру, дене белсенділігін дамытуға жағдай жасау;
- денсаулық сақтау технологиясын қолдана отырып, балалардың физикалық біліктері мен дағдыларын қалыптастыру және негізгі қимыл түрлерін жетілдіру
- балалардың ауызекі сөйлеуін дамыту арқылы әлеуметтік-коммуникативтік дағдыларды дамыту үшін жағдайлармен қамтамасыз ету
- қоршаған әлеммен өзара әрекет ету үшін қажетті танымдық іс-әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгеруге жағдай жасау;
- балалардың танымдық, шығармашылық, музыкалық қабілеттерін қалыптастыру;
- әртүрлі өмірлік және ойын жағдаяттарында әлеуметтік қатынастар жүйесіне ену негізінде баланың әлеуметтік тәжірибесін, жеке қасиеттерін қалыптастыру болып табылады.
- сөздік қорды байыту, сөйлеу дағдыларын, әдеби шығармалар мен халық ауыз әдебиеті шығармаларына қызығушылықты қалыптастыру
- балалардың танымдық қабілеттерін, білуге құштарлығын, қиялын, зейінін, есте сақтауын, байқағыштығын дамыту
- балалардың эстетикалық қабылдауын қалыптастыру, дербес тәжірибелік және шығармашылық әрекетті дамыту
- балаларды әлеуметтендіру, экологиялық мәдениет негіздерін қалыптастыру болып табылады.

«Балдырған» ересек тобы бойынша:

- денсаулық сақтау технологиясын қолдана отырып, балалардың денсаулығын нығайту, қимыл белсенділігін дамыту, салауатты өмір салтын қалыптастыру
- баланың денсаулығын сақтау және нығайту, дене шынықтыруға қызығушылықты арттыру, денсаулық сақтау технологиясын қолдана отырып, қимыл-қозғалыс тәжірибесін байыту, дене сапаларына және қимыл белсенділігіне қажеттілікті дамыту
- инновациялық әдістер мен технологияларды қолдана отырып, әлеуметте қарым-қатынас жасау үшін тілді меңгеру және коммуникативтік дағдыларды дамыту
- инновациялық әдістер мен технологияларды қолдана отырып, балалардың интеллектуалдық қабілеттерін, логикалық ойлауын дамыту

- балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, шығармашылық дағдыларын, зерттеу қабілеттерін, көркем-эстетикалық талғамын дамыту үшін ұлттық мәдениетке баулу
- балаларды, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оң әлеуметтендіру, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, қоғам және мемлекет, отбасы дәстүрлеріне тарту, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру болып табылады.
- инновациялық әдістер мен технологияларды қолданып, әлеуметте ауызша қарым-қатынас жасау, диалог құру дағдыларын қалыптастыру
- математикалық, конструктивтік ойлау дағдыларын, танымдық, интеллектуалдық қабілеттерін дамыту
- балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмге тәрбиелеу, олардың өзіндік шығармашылық іс-әрекеті үшін жағдай жасау
- жалпы адами нормалар мен ережелер және экологиялық білім негізінде тұлғаның әлеуметтік дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

Қосымша-5: Мектепке дейінгі ұйымда құрастырылған және бекітілген вариативті білім беру бағдарламалары (2021-2022 оқу жылдарында қолданылған) есепке қоса жалғанады.

Қорытынды:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығының (ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 бұйрығымен, ҚР Білім және ғылым министрінің 03.08.2022ж №348 бұйрығымен өзгерістер болған) 1 қосымшасының 2- тараудың 7-тармағы және 4- тарауының 16 және 17 тармақтарына сәйкес келеді.

3)Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлеміне өлшемшарттар:

Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлеміне қойылатын талаптардың сәйкестігі және сақталуы:

Талдау:

Талдауға ұсынылған құжаттарды зерделеу барысында өткен **2021-2022 оқу жылдардағы жұмыстық оқу жоспарларында** ҮОЖ белгіленген оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі ескеріле отырып, оқу жүктемесі берілген. Ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі бекітілген. Білім беру мазмұны бойынша өтпелі тақырыптарға сәйкес ұзақ мерзімді жоспарлар бекітіліп, циклограммалар жасалған, оқыту мерзімдеріне бөлінген, 5 білім беру саласын қамтиды. Циклограмма да тақырыбы, мақсаты, ресурстары, әдіс-тәсілдері, дидактикалық ойындары, күтілетін нәтижелері көрсетіле отырып жазылған.

Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі кіші жасындағы (2-3жастағы) және мектепке дейінгі жастағы (3-4 жастағы) балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларында көрсетілгендей айқындалған.

2021-2022 оқу жылының білім салалары бойынша жүктеме сағаттары:

Кіші топ: «Денсаулық» - 108 сағат, «Қатынас»-36 сағат, «Таным» - 72 сағат, «Шығармашылық» - 108 сағатты құрады. **Барлығы – 324 сағат.**

Ортаңғы топ: «Денсаулық» - 108 сағат, «Қатынас»-72 сағат, «Таным» - 90 сағат, «Шығармашылық»- 108 сағат, «Әлеумет» - 18 сағатты құрады. **Барлығы – 396 сағат.** Вариативті компонент - 1 сағат: «Өнерлі балақай» - 36 сағат.

Ересек топ: «Денсаулық» - 108 сағат, «Қатынас»-90 сағат, «Таным» - 90 сағат, «Шығармашылық»-126 сағат, «Әлеумет»-18 сағатты құрады. **Барлығы –432 сағат.** Вариативті компонент - 2 сағат: «Тапқыштар әлемі» және «Жас зерттеушілер» - 72 сағат.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың вариативтік оқу жоспарларын әзірлеу кезінде тәрбиеленушілердің жас, психологиялық-физиологиялық мүмкіндіктері мен ерекшеліктері ескеріле отырып, оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі сақталған.

2022-2023/ 2023-2024 оқу жылы

«Балапан» мектепке дейінгі ұйым мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын іс-әрекеті түрінде ұйымдастырылған.

Физикалық даму, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру келесі ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылды: 1) дене шынықтыру (ерекше тәрбиеленушілер үшін бейімделген дене шынықтыру); 2) сөйлеуді дамыту; 3) көркем әдебиет; 4) сауат ашу негіздері; 5) қазақ тілі; 6) сенсорика; 7) математика негіздері; 8) құрастыру; 9) қоршаған ортамен таныстыру; 10) сурет салу; 11) мүсіндеу; 12) жапсыру; 13) музыка. Стандарт талаптарына сәйкес әзірленген Үлгілік оқу жоспарларында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекеттер берілген.

«Дене шынықтыру» ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына үш рет топ тәрбиешісімен мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізіледі. Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді, ол қимыл белсенділігі, дене-шынықтыру-сауықтыру шаралары (таңертеңгі жаттығу, сергіту сәті, шынықтыру шаралары), мәдени-гигиеналық дағдылар, ойын әрекеті, дербес белсенді және т.б. әрекеттер арқылы күн тәртібіне сәйкес ұйымдастырылады.

Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі (мектепке дейінгі ұйым кестесіне сәйкес аптасына ортаңғы және ересек топта бір рет, мектепалды топта 2 рет) ұйымдастырылған іс-әрекеті қарым-қатынас, заттық әрекет, ойын әрекеті, еңбек әрекеті, бейнелеу, шығармашылық әрекет (балаларға кітап оқып беру, кітаптарды, иллюстрацияларды қарау) театрландырылған, дербес және басқа да әрекет түрлері арқылы күн сайын күн тәртібіне сәйкес ұйымдастырылады. **Ортаңғы топтан бастап мемлекеттік тілді меңгерту** мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды

үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту жұмысы жүргізілген.

Кіші жастағы балалары үшін **сенсорика** бойынша заттарды, ойыншықтарды өз бетінше зерттеуіне көңіл бөлінеді, олардың түсін, пішінін, көлемін ажыратып, салыстыруға баулу көзделеді.

Мектеп жасына дейінгі балалар үшін **математика негіздерін** күн сайын дидактикалық ойындар, танымдық әңгімелер, бейнелеу және құрастыру әрекеті, эксперимент жасау, математикалық мазмұндағы театрландырылған әрекет, әңгіме, дербес және басқа да әрекеттер арқылы ойын түрінде ұйымдастыруға болады. Мұнда ұйымдастырылған іс-әрекет барысында берілген ұғым, түсініктерді (заттардың түсі, көлемі, пішіні, саны, кеңістікте орналасуы және т.б.) еркін ойында және режимдік сәттерде балалардың жасына сәйкес бекіту, ол үшін сәйкес сұрақтар қойып, балалардың жеке жауаптарын тындау, балалардың математика терминдерін қолданып жауап беруіне, заттарға өз бетінше зерттеу жүргізуіне игерген дағдыларын қолдануына мән беру ұсынылады.

Қоршаған ортамен танысу күн сайын объектілер мен заттарды бақылау (тірі және өлі табиғат) зерттеу, материалдармен эксперимент жасау, педагогтің сәйкес ақпаратты оқып беруі, кітаптарды және иллюстрацияларды қарау, әңгімелесу, қарым-қатынас, ойын әрекеті арқылы іске асырылады. Мұнда балалардың заттарды қолмен ұстап, зерттеуі, олардың қасиеттеріне талдау жасауы, заттарды қолдануы, туындаған сұрақтарға жауап беруі, өз бетінше 14 сұрақтардың жауабын іздеуі мен табуы, алынған дағдыларды ойында қолдана алуы маңызды.

«**Жаратылыстану**» ұйымдастырылған оқу қызметінің міндеттері «Қоршаған ортамен танысу» ұйымдастырылған іс-әрекетімен кіріктіріліп, шешілген.

Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру күн сайын тек ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде ғана емес, сондай-ақ балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, басқа уақытта да ұйымдастырылады және бірнеше жұмыс түрі қатар жүруі мүмкін немесе көпшілігінің қалауы бойынша барлығы бір жұмыс түрімен айналысуына болады.

«**Музыка**» ұйымдастырылған іс-әрекеті ерте, кіші, ортаңғы топтарда аптасына бір рет, ересек және мектепалды даярлық топтары мен сыныптарында аптасына екі рет музыка жетекшісімен мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізіледі.

Қосымша-6: Балабақшаның барлық топтарының 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 (қыркүйек-наурыз) оқу жылдарының Ұйымдастырылған қызметтің перспективті жоспарлары мен тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммалары есепке қоса жалғанады

Қорытынды: Апталық оқу жүктемесінің ең жоғарғы шекті көлемі, ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы балалардың денсаулығы мен психикасын қорғау талаптарына сәйкес.

V. ОҚУ-МАТЕРИАЛДЫҚ АКТИВТЕР

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын сақтау
Жиназ және жабдықтармен қамтылу туралы ақпарат

Талдау:

«Балапан» мектепке дейінгі мектепке дейінгі ұйымдарды жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету жұмысы "Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

Мектепке дейінгі ұйымдағы заттық-кеңістіктік дамытушы орта: қауіпсіз; қолжетімді; әртүрлі; мазмұнды; көп атқарымды; өзгермелі; тартымды болу талаптарына сәйкес келеді.

«Балапан» мектепке дейінгі ұйым топтардың барлығы балалардың жас ерекшеліктеріне сай жабдықтылып, безендірілген, қажетті көрнекілік құралдарымен қамтамасыз етілген. Топтағы заттық-дамыту орталықтары жас ерекшеліктеріне сай құрылған, МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістік дамытушы орта ретінде құрылған.

Мектепке дейінгі мекемеде кеңістік-пәндік ортаны дайындау барысында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы», «Террористік қауіптің деңгейлері», «Ата-аналар сіздер үшін», «Денсаулық бұрышы», «Кәсіподақ бұрышы» тақырыптық стендтер орнатылған.

Топтардағы заттық-дамытушылық орталықтары төмендегідей жиһаздармен жабдықталған: балалардың жасына байланысты парталар мен отырғыштар, мұғалім үстелі мен отырғышы, тақта, кітаптар мен құрал-жабдықтар қоятын сөрелер, ақпараттық стендтер.

Балалардың денсаулығын және өмірін сақтаудағы қауіпсіздік ережелері қатаң сақталған. Қабылдау бөлмесінде ата-аналарға арналған ақпарат бұрыштары, жылжымалы папкілер бар. Онда ата-аналарға арналған педагогикалық және дәрігерлік кеңестер мен хабарландырулар, балалардың жеткен жетістіктері туралы ақпарат берілген. Топтарда «Шаштараз», «Дәріхана», «Аспазхана» бұрыштары, «Ұлттық» бұрыш, сонымен қатар «Табиғат», «Біз кезекшіміз» бұрыштары орнатылған. Сюжеттік-рольдік ойындардың құрал жабдықтары жинақталған, бөлме өсімдіктері өсеріледі. Топта балалардың ой-өрісін, тілдерін дамыту мақсатында лото, мозайка, үстел үсті және әртүрлі құрастырмалы ойыншықтар жинағы бар. Театрлық іс-әрекеттерін және шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында драматизациялауға арналған қуыршақтар, үстел үсті театрлар, көлеңкелі театрларының атрибуттары жинақталған. Топ тәрбиешілерінің көрнекіліктері эстетикалық талғамға сай жасалған.

Сонымен қатар балалардың ойлау қабілеті, дұрыс сөйлеуі мен бір-біріне қатынастарын арттыру мақсатында «Емхана», «Асхана», «Шаштараз» және т.б. сюжетті-рөлді ойындар бұрышы, «Ертегілер әлемі» атты кітаптар бұрышы ұйымдастырылған. «Үстел үсті театры», «Саусақ театры», «Қолғап театры», ертегілерге байланысты картоннан жасалған бетперделер бар.

Табиғат бұрышында балалар бөлме өсімдіктеріне қарауға мүмкіндік жасалған. Қарағай бүрлері, құм, дәндер, жапырақтар және түрлі табиғи материалдар бар.

Жас топтары бойынша заттық-кеңістіктік дамытушы ортаға қойылатын талаптар:

«Балапан» кіші тобында: танымдық ойыншықтар, қарапайым пазлдар, зерттеушілік қызығушылығын белсендіретін қозғалмалы ойыншықтар, қимылды ойындарға қажетті құралдар, оның ішінде ірі және ұсақ моториканы дамытатын ойын құралдары, жұмсақ модульдер, қауіпсіз табиғи материалдардан жасалған ойыншықтар.

«Балбөбек» ортаңғы тобында: дамытушы ойыншықтар, құрастыруға арналған жинақтар, сурет салуға арналған құралдармен және соған лайық жайлы орындармен толықтыру, қол еңбегіне арналған құралдар мен ойыншықтар, театрландырылған ойынға арналған жинақтар, қуыршақтар, түрлі машиналар, танымдық қызығушылығын жетілдіруге арналған табиғи материалдар, шағын модельдер, дамытушы модульдер, күрделі пазлдар, құрастырылатын ойыншықтар т.б.

«Балдырған» ересек тобында: дамытушы ойыншықтар, құрастыруға арналған жинақтар, сурет салуға арналған құралдармен және соған лайық жайлы орындармен толықтыру, қол еңбегіне арналған құралдар мен ойыншықтар, театрландырылған ойынға арналған жинақтар, қуыршақтар, түрлі машиналар, танымдық қызығушылығын жетілдіруге арналған табиғи материалдар, шағын модельдер, дамытушы модульдер, күрделі пазлдар, құрастырылатын ойыншықтар т.б.

Қосымша-7: Жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету туралы мәліметтер, мекемедегі негізгі құралдарының тізбесі (әдістемелік ұсынымдарға 4-қосымшаға сәйкес толтырылған кесте) және суреттері есепке қоса жалғанады.

Қорытынды: Мектепте баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта ұйымдастырылған. Әдістемелік база жағдайы, оқу-тәрбие үрдісінің жұмысы «қанағаттанарлық» деңгейде. Барлық топтарда МЖМБС білім беру салалары бойынша жабдықталған.

VI. Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры

Оқу-әдістемелік кешендердің болуы туралы мәліметтер

«Балапан» мектепке дейінгі ұйым оқу-әдістемелік кешендер Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 22 мамырдағы 2020 жылғы № 216 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

Баланың танымдық, сөйлеу, шығармашылық іс-әрекетін, коммуникативтік қабілеттерін қалыптастыру үшін қолданылатын дидактикалық оқу құралдары мен үлестірмелі материалдар жеткілікті және эстетикалық талғамға сай. Аудиотека, видеотека бойынша ертегілер, жаңылтпаштар, санамақтар, сергіту сәті дискілердің данасы жинақталған.

Барлық топтардың оқу бөлмесінде балалардың білім алу мен тәрбиеленуіне, дамуына жағдайлар жасалған. сауат ашу, алғашқы математикалық ұғымдарды игеруге ықпал ететін әртүрлі материалдар, баспа әріптері, сөздер, кестелер, үлкен шрифті бар кітаптар, боямақтар, сандары бар оқулықтар, сандары мен әріптері бар үстел үсті ойындары, ребустар, оқу құралдары, балалар энциклопедиялары, ғаламшардың жануарлары мен өсімдіктер әлемі, әртүрлі елдердің адамдарының өмірі туралы иллюстрацияланған басылымдар, балалар журналдары, альбомдар, суреттер мен карточкалар.

Күн сайын балаларға кітаптарды оқып беру, балалардың оқылған, тыңдалған шығармалардан әсер алуына ықпал ету, балалардың жасына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттату, кітаптардағы иллюстрацияларды көрсету және оларға түсініктеме беру, балалардың ойларын тыңдау, балаларға қызықты кітаптарды таңдау, ол үшін сыныпта балаларға арналған кітаптардан, сондай-ақ балаларға арналған аудио шығармалардан кітап бұрышын ұйымдастыру ұсынылады. Балалардың өз бетінше, балалармен бірлесіп кітаптарды қарауына, тыңдалған шығармалардағы кейіпкерлердің әрекетін ойында қайталауға немесе ойдан кейіпкердің рөлін өзінше сомдауға және т.б. мүмкіндік беру маңызды. Балабақша тәрбиешілері өз топтарында кітап бұрышын жасап, оларды толықтыруға ата-аналарды тарту, кітапты уақытша пайдалануға үйге беру, буккроссинг ұйымдастыру жұмыстарын жандандырған.

Қосымша-8: Оқу-әдістемелік кешендердің болуы туралы мәліметтер тізбесі (әдістемелік ұсынымдарға 5-қосымшаға сәйкес толтырылған кесте) және суреттері есепке қоса жалғанады.

Қорытынды: Балабақшадағы әдістемелік құралдар саны аз, жаңа бағдарлама бойынша әдістемелік құралдар шығарылмаған. Барлық топтарда балалар әдебиеті, ертегілер саны жеткілікті жинақталған. Әр топта кітап әлемінің бұрыштары жасалған.

VI. ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРДІҢ БІЛІМДЕРІН БАҒАЛАУ

1) Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы;

Талдау:

«Балапан» мектепке дейінгі 2021-2022, 2022-2023 және 2023-2024 (қыркүйек- қараша) оқу жылдарындағы мектепке дейінгі ұйымның білім беру процесінің тиімділігі, сондай-ақ баланың даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін диагностика негізінде Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізілген. (бастапқы қыркүйекте аралық-қаңтарда және қорытынды-мамыр айында). Мониторингтің мақсаты:

- баланың жетістіктерін қадағалау;
- балаларды тәрбиелеу мен дамытуда жеке тәсілдерді қамтамасыз ету;
- түзету іс-шараларын жедел жоспарлау негізінде білім беру процесін жетілдіру;

- баланың Үлгілік бағдарлама мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау. Нәтижелер «Бақылау парағында» толтырылады. Алынған мәліметтер негізінде топтағы әрбір балаға Баланың *жеке даму картасы* толтырылған.

Мониторинг нәтижелері бойынша даму деңгейлері I, II деңгейдегі балалармен қосымша жеке жұмыстар жүргізілген. Баланың жеке даму картасының «Дамыту, түзету іс-шаралары» бөлімінде мониторинг нәтижелері бойынша балалармен жұмыс істейтін педагогтер мен мамандар баланы одан әрі дамыту іс-шараларын толтырған.

Балалардың жеке даму картасында түзету шараларының бастапқы нәтижесі нақты берілген, балалардың біліктері мен дағдыларының даму динамикасы

бағаланған. Педагогтар мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын балалардың меңгеру нәтижесінің индикаторларын балалардың жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, даму деңгейлерін бақылау бойынша әдістемелік ұсынымдарға сәйкес жүргізген. Алынған мәліметтер негізінде Баланың жеке даму картасы толтырылған. Баланың жеке даму картасын толтыру кезінде кестеге дамыту және түзету іс-шаралары енгізілген. Тәрбиеші жеке картаны жас тобында жұмыс істейтін педагогтермен музыка жетекшісімен және педагог-психологпен бірлесе отырып толтырған.

Қосымша-9: Барлық топтардың біліктері мен дағдыларының дамуы төмен деңгейді көрсеткен тәрбиеленушілерінің жеке даму карталары есепке қоса жалғанады.

Қорытынды: Балалардың жеке даму картасында түзету шараларының бастапқы нәтижесі нақты берілген, балалардың біліктері мен дағдыларының даму динамикасы бағаланған.

VII. БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ЖӘНЕ Т.Б. САУАЛНАМАСЫ

Ұсынылатын білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау бойынша білім беру процестеріне қатысушылардың сауалнамасының нәтижелерін талдау

Талдау:

2023-2024 оқу жылында қараша айының 28 күні “Балапан” мектепке дейінгі ұйым МКҚК-ның ересек жастағы балаларының ата-аналары арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға барлығы 14 ата – ана қатысты (1 ата-ана егіз баласы үшін).

Тәрбиеленушілердің ата-аналарынан (немесе заңды өкілдерінен) сауалнама нәтижелерін зерттеу көрсеткендей, балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау үшін ересек жастағы балаларының ата-аналары сауалнама мазмұнын түсініп, өз ықыластарымен толтырды.

Балабақшаның жұмысының жоғары деңгейдің көрсеткіші – 92,4% құрады. Сауалнаманы талдай отырып, мынадай қорытынды анықталды:

2023-2024 оқу жылындағы сауалнаманың талдауы:

"Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі" ММ "Балапан" мектепке дейінгі ұйым " МКҚК ата-аналарымен өткізілген сауалнама қорытындысы

Сауалнама сұрақтары	жауаптар			
	толық келісемін	келісемін	келіспеймін	толық келіспеймін
Сіздің балаңыз балабақшаға қуана барады	12	2	0	0
Топта баланың оқуы мен өмірі үшін қолайлы атмосфера бар	11	3	0	0
Сіз топ тәрбиешілерінің қызметіне қанағаттанасыз	13	1	0	0
Сіз мектепке дейінгі ұйымның басқа мамандарының (музыкалық жетекші, қазақ, орыс тілі педагогы, педагог-психолог, арнайы педагог) қызметіне қанағаттанасыз	12	2	0	0

Мұғалімдер этика нормаларын, педагогикалық әдептілік пен балалармен қарым-қатынастағы әділеттілікті сақтайды	13	1	0	0
Сіз балаңыздың дамуын байқайсыз ба	12	2	0	0
Мектепке дейінгі ұйымның оқыту және тәрбие жұмысы баланы мектепке дайындауға ықпал етеді	12	2	0	0
Балалардың тамақтануы талапқа сай және мектеп жасына дейінгі балалар үшін теңдестірілген	12	2	0	0
Сіз балаңыздың жетістіктері мен мінез құлқы туралы ақпараттандыру сапасына қанағаттанасыз	11	3	0	0
Топ ата-аналарымен мектепке дейінгі ұйым мамандары: медицина қызметкері, психолог, қазақ немесе басқа тіл мұғалімі, музыка жетекшісі және т. б. балаңызды дамыту, тәрбиелеу және оқыту мәселелерінде консультациялық көмек көрсетіледі	11	3	0	0
Сіз балабақша жұмысын ұйымдастыруға қуаныштысыз	10	3	0	0
Сіз мектепке дейінгі ұйымға материалдық көмек көрсетесіз бе	0	4	2	7
Егер сізде шағымдар болса, сіз білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету Департаментіне жүгіне аласыз	12	0	0	0
Барлығы	129	28	2	7
	77,5	15,3%	1%	4%

Балабақшаның ересек тобы ата-аналарынан (14 ата-ана) алынған сауалнама нәтижесі бойынша тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған респонденттер үлесі 93%-ды көрсетті.

Сауалнама қорытындысы:

Сауалнама нәтижелері ересек жастағы балалардың ата-аналарымен оқыту нәтижелеріне, балаларының игерген білім, білік, дағдыларына қанағаттанатынын көрсетіп отыр. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымында тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингтеу (білік пен дағдылар диагностикасы) нәтижелері бойынша 93%-ға дейінгі респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған.

2023-2024 оқу жылы бойынша ата-аналармен сауалнама онлайн режимінде жүргізілді. Мектепке дейінгі ұйымда ұсынылатын білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау бойынша білім беру процесіне қатысушылардың сауалнамасын жүргізу үшін білім беру саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесіне 16.11.2023ж күні өтінішхат жіберіліп, онлайн форматында сауалнама алынды. Балабақшаның ересек тобының 14 ата-анасы (оның ішінде бір ата-ана егіз баласы үшін) түгелімен жүргізілген сауалнамаға жауап берді.

"Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі" ММ "Балапан" Мектепке дейінгі ұйым " МКҚК педагогтарымен өткізілген сауалнама қорытындысы

№	Сауалнама сұрақтары	жауаптар			
		толық келісемін	келісемін	келіспеймін	толық келіспеймін
1	Мектепке дейінгі ұйымның жұмысы уақыт талаптарына сәйкес келеді, инновация режимінде өтеді	8	1	0	0
2	Педагогтерге білім беру процесіне белсенді қатысу және біліктілігін арттыру үшін жағдайлар жасалған	8	1	0	0

3	Педагогтар тиімді әдістемелік көмек алады	7	2	0	0
4	Мұғалімдер эмоционалды-психологиялық қолдау алады	6	3	0	0
5	Оқыту мен тәрбиелеудің сапалы процесін ұйымдастыру үшін жағдайлар жасалған	6	3	0	0
6	Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарынан уақтылы өтуі үшін жағдайлар жасалған	8	1	0	0
7	Еңбек жағдайлары Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің талаптарына сәйкес келеді	7	2	0	0
8	Әкімшіліктің жұмыс стилі мұғалімдердің өзін-өзі дамытуына және өзін-өзі бекітуіне ықпал етеді	7	2	0	0
9	Тәрбиеленушілер, ата-аналар, мұғалімдер арасындағы жанжалдардың алдын алу және шешу бойынша тиімді жұмыс жүргізілуде	8	1	0	0
10	Оқу-материалдық база тәрбиеленушілердің дамуына жағдай жасауға ықпал етеді	6	3	0	0
11	Ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуал бар	6	2	1	0
12	Тамақтану сапасы талапқа сай және мектеп жасына дейінгі балалар үшін теңдестірілген	7	2	0	0
13	Әріптестер мейірімді және әрқашан көмектесуге дайын	8	0	0	1
14	Сапалы оқыту процесін жүргізу үшін оқу-әдістемелік және техникалық құралдар базасы құрылды	3	6		
15	Әр мұғалімнің кәсіби және шығармашылық өсуіне жағдай жасалған	6	3	0	0
16	Мектепке дейінгі ұйым әкімшілігі жұмыста педагогтарды көтермелеуді қолданады	5	4	0	0
17	Ата-аналар топ педагогтарының жұмысына қанағаттанады	8	1	0	0
18	Мектепке дейінгі ұйымда ереже белгіленген-тексерушілер үшін ақша жиналды	0	1	0	8
19	Егер шағымдар болса, білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету Департаментіне жүгіну мүмкіндігі бар	9	0	0	0
	Барлығы	123	35	1	1
		72%	20,4%	0,6%	0,6%

Балабақша педагогтарынан (9 педагог) алынған сауалнама нәтижесі бойынша сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған респонденттер үлесі 92,4%-ды көрсетті.

Қосымша-12: Балабақша ата-аналары мен педагогтары толтырған сауалнамалар нәтижесі есепке қоса жалғанады.

Қорытынды: Балабақшаның ересек тобы ата-аналарынан (14 ата-ана) алынған сауалнама нәтижесі бойынша тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған респонденттер үлесі 93%-ды көрсетсе, педагогтарынан (9 педагог) алынған сауалнама нәтижесі бойынша сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған респонденттер үлесі 92,4%-ды көрсетті.

IX. КЕМШІЛІКТЕР МЕН ЕСКЕРТУЛЕР, ОЛАРДЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

«Балапан» мектепке дейінгі ұйым МКҚК оқыту тәрбиелеу процесін зерделеу барысында келесідей кемшіліктер мен ескертулер жасалды:

1. Мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық кадрларының біліктілік санаты бойынша сапаны көтеру керек. Мекемедегі 8 педагогтың 3-еуі – «Педагог модератор», 1-еуі – «I санатты» педагог, 1 педагог - II санат

2. Тиісті бейіні бойынша педагогикалық кадрлардың жоғары білімді педагогтар саны-6, оның ішінде 5 - «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» және 1-«Педагог-психолог»

Шешу жолы:

- II санатты I педагог – «Педагог сарапшы» біліктілік санатын алуға талпыну;
- I санатты I педагог «Педагог сарапшы» біліктілік санатын алуға талпыну;
- Санатсыз педагогтар санаттарын көтеруге жұмыстану.
- Мектепке дейінгі ұйымның әдістемелік базасы жақсартуды қажет етеді.

Шешу жолы:

Балабақша әкімшілігі жоғары тұрған бағынысты мекемелерге уақтылы сұраныс жіберіп немесе демеушілер тартып әдістемелік базаны толықтыруға жұмыстану.

X. ҚОРЫТЫНДЫ МЕН ҰСЫНЫСТАР

Талдау:

1. Мектепке дейінгі мекеме компьютерлермен, интернет жүйесімен қамтылған.
2. Мектепке дейінгі тәрбие және оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен анықталған нормативтерге сай әдістемелік әдебиеттер саны жинақталған.
3. Әдістемелік база жағдайы, оқу-тәрбие үрдісінің жұмысы «қанағаттанарлық» деңгейде.

Қорытынды анықтамаға қоса жалғанатын қосымшалар тізімі:

№	Қосымша №	Қосымшаларға салынған құжаттар
1	Қосымша-1	Білім беру ұйымының құрылтай құжаттары
2	Қосымша-2	Әдістемелік ұсынымдарға 2-қосымшаға сәйкес толтырылған кесте, педагог кадрлардың тиісті бейін бойынша білімі туралы құжаттары, санаттары туралы куәліктері, біліктілікті арттыру құжаттары, білім беру ұйымының штаттық кестесі
3	Қосымша-3	Тәрбиеленушілер контингентінің тізімі (әдістемелік ұсынымдарға 3-қосымшаға сәйкес кесте), инклюзив балалардың болмағаны туралы анықтама
4	Қосымша-4	Бағаланатын кезеңнің бекітілген жұмыс оқу жоспарлары, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі, күн тәртібі
5	Қосымша-5	Мектепке дейінгі ұйымда құрастырылған және бекітілген вариативті білім беру бағдарламалары 2021-2022 оқу жылдары
6	Қосымша-6	Балабақшаның барлық топтарының 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 (қыркүйек-қараша) оқу жылдарының Ұйымдастырылған қызметтің перспективті жоспарлары мен тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммалары, бекітілген өтпелі тақырыптар
7	Қосымша-7	Жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету туралы мәліметтер, мекемедегі негізгі құралдарының тізбесі (әдістемелік ұсынымдарға 4-қосымшаға сәйкес толтырылған кесте)
8	Қосымша-8	Оқу-әдістемелік кешендердің болуы туралы мәліметтер тізбесі (әдістемелік ұсынымдарға 5-қосымшаға сәйкес толтырылған кесте) және суреттері
9	Қосымша-9	Барлық топтардың біліктері мен дағдыларының дамуы төмен деңгейді көрсеткен тәрбиеленушілерінің жеке даму карталары 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары
10	Қосымша-10	2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарының тәрбиеленушілердің біліктері мен дағдыларының дамуының <u>бастапқы</u> бақылау бойынша мониторинг көшірмелері
11	Қосымша-11	балалардың біліктері мен дағдыларының дамуының <u>қорытынды</u> (2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары) және <u>аралық</u> (2022-2023 оқу жылы) мониторингтерінің көшірмелері
12	Қосымша-12	Балабақша ата-аналары мен педагогтары толтырған сауалнамалар нәтижесі
13	Қосымша-13	Балабақша педагог-психологының жұмыстары
14	Қосымша-14	Балабақша әдіскерінің жұмыстары, МДҰ жылдық жоспары

Қорытынды:

1. «Балапан» мектепке дейінгі ұйым өзін-өзі бағалау барысында жүргізілген жұмыс қорытындысы бойынша білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес келеді.

2. Өзін-өзі бағалау жұмысы барысында балабақшаның оқу-тәрбие үрдісінің ұйымдастырылуы мен педагогтардың кәсіби қызметтеріне даярлығы бойынша анықталған көрсеткіштерге сәйкес келеді.

3. Өзін-өзі бағалау бойынша қаралған жұмыстардың құжаттарының көшірмелері талап етуші орынға дайындалды.

Комиссия мүшелері:

- 1) комиссия төрағасы
- 2) комиссия мүшесі
- 3) комиссия мүшесі
- 4) комиссия мүшесі
- 5) комиссия мүшесі

А.К.Абдиганисва

А.К.Ерназорва

А.С.Абдуалиева

Л.А.Калмагамбетова

Н.А.Абдуллина



«Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Балапан» мектепке дейінгі ұйымы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны



Государственное коммунальное казенное предприятие «Дошкольная организация «Балапан» государственного учреждения «Отдел образования Айтекебийского района Управления образования Актюбинской области»

030106 Аралтоғай ауылы
Амангелді көшесі № 15 үй
Тел/факс 8/71-339/71-7-31
Эл.мекен жай: balapan10@mail.kz

030106 село Аралтоғай
ул. Амангелди дом №15
Тел/факс 8/71-339/71-7-31
Эл.почта: balapan10@mail.kz

11 қараша 2023 жыл

Бұйрық № 25

Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022жылғы 5-желтоқсандағы №486 бұйрығы Білім және Ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің 2022жылғы 27- желтоқсандағы №12 бұйрығымен бекітілген білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік-ұсынымдарды негізге ала отырып Бұйырамын:

1. МКҚК «Балапан» мектепке дейінгі ұйымы өзін-өзі аттестаттау күні 01.12-31.12.2023ж

2. Өзін-өзі аттестаттау комиссиясының құрамы төмендегі тізім бойынша бекітілсін.

- 1) Абдиганиева Айдана Кабылбаевна- комиссия төрайымы
- 2) Ерназарова Ақтолқын Кежденбековна -комиссия мүшесі
- 3) Абдуалиева Айкерім Серікқызы -комиссия мүшесі
- 4) Калмагамбетова Лаура Аскарровна - комиссия мүшесі
- 5) Абдуллина Назыкеш Сегизбаевна - комиссия мүшесі

3. Балабаушаның өзін-өзі аттестаттау бойынша құжаттарды әзірлеу жоспары жасақталып, құжаттар топтамасы Ақтөбе облысының Білім саласындағы бақылау департаментіне 2023жылдың 01 желтоқсанында ұсынылсын.

4. Құжаттарды әзірлеу жауапкершілігі мен осы бұйрықтың орындалуын А.К.Абдиганиеваға жүктелсін.

МКҚК «Балапан» мектепке
дейінгі ұйым меңгерушісінің:



А.К. Абдиганиева
А.К.Абдиганиева

**«Балапан» мектепке дейінгі ұйымы МКҚК-ның
кезектен тыс № 1 педагогикалық кеңес хаттамасының көшірмесі**

Өткізілу күні: 11.11.2023ж

Қатысушылар: 10 адам (тізім бойынша)

Педагог -8

Шаруашылық меңгерушісі – 1

Медбике - 1

Кеңес төрағасы: меңгеруші А.К.Абдиганиева

Хатшы: тәрбиеші А.Ерназарова

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. «Балапан» мектепке дейінгі ұйымы МКҚК өзін-өзі бағалау барысында жүргізілген жұмыс қорытындысы туралы.

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Балабақша меңгерушісі А.К.Абдиганиева сөз алды:

Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшем шарты», Қазақстан Республикасы оқу – ағарту министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2022 жылы 27 желтоқсанындағы №12 бұйрығына қосымша «Білім бер ұйымдарының өзін – өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар» нормативтік құжаттар негізінде, 2023 жылдың 10-30 қараша аралығында балабақша қызметіне өзін- өзі бағалау жұмыстарын жүргізуіміз қажет.

Балабақша меңгерушісі А.К.Абдиганиева балабақшаның қазіргі өзін – өзі бағалау туралы 2023 жылғы 11 қараша №25 -Н/Қ бұйрығымен , ұйымның өзін – өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі комиссия құрамымен таныстырды:

- 1.А.К.Абдиганиева – комиссия төрағасы, балабақша меңгерушісі
- 2.А.К.Ерназарова – комиссия мүшесі, балабақша әдіскері
- 3.А.С.Абдуалиева – комиссия мүшесі, балабақша педагог-психологі
- 4.Л.А.Калмаганбетова – комиссия мүшесі, балабақша тәрбиешісі
- 5.Н.С.Абдуллина - комиссия мүшесі, балабақша тәрбиешісі

Комиссия білім беру ұйымын бағалау өлшемшарттарына және білім беру ұйымына өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсыныстарға сәйкес, білім беру ұйымының өзін – өзі бағалауын жүргізуге тиіс.

Комиссия мүшелері білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауы бойынша келесідегідей есептерді дайындасын:

А.К.Ерназарова балабақша әдіскері - мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес оқу-әдістемелік жұмыс, МЖМС-мен толықтай жұмыс бағыттарын орындау, жұмыстық оқу жоспарларын талдау;

Л.А.Калмаганбетова балабақша тәрбиешісі - педагог кадрлар жөнінде мәліметті, сапалық құрамын, топтардың перспективалық жоспарлары мен циклограммаларын талдау;

А.С.Абдуалиева балабақша педагог-психологі - тәрбиеленушілер контингентін, жас топтарын қалыптастыру кезіндегі талаптардың сақталуын, тәрбиеленушілер мониторингін талдау;

Хамидолла Г.Х Шаруашылық меңгерушісі мен Н.С.Абдулина балабақша тәрбиешісі- оқу-материалдық активтер, пәндік-кеңістік орта жұмысын талдау, жиһаз және жабдықтармен қамтылу туралы ақпарат жинау.

**Педагогикалық кеңес шешім етті:
шешім:**


1. 2023 жылдың 10 қараша бастап «Балапан » мектепке дейінгі ұйымында өзін-өзі бағалау жұмысы ұйымдастырылсын.
2. Өзін-өзі бағалау жұмыстарын жүргізу үшін комиссия құрамы құрылсын.
3. Өзін-өзі бағалау жұмыстарын жүргізуде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығына қосымша «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар» басшылыққа алынсын.

**Кеңес төрағасы:
Хатшы:**



**А.К.Абдиганиева
А.К.Ерназарова**

Комиссия мүшелері:
Л.А.Калмагамбетова
А.К.Ерназарова
А.С.Абдуалиева
Н.С.Абдулина





«Бекітемін» _____
МКҚК «Балапан» мектепке дейінгі ұйымы
менгерушісі А.К.Абдиганнева

«Балапан» мектепке дейінгі ұйымы МКҚК-да
өзін-өзі бағалауды өткізу жоспары

№	Атқарылатын жұмыстар	Мерзімі	Материалдар	Жауаптылар
1	Педагогикалық кеңес отырысын өткізу.	10.11.2023ж	Педкенес хаттамасы	Менгеруші, Әдіскер
2	Өзін-өзі бағалау комиссия құрамын бекіту, бұйрық шығару	11.11.2023ж	Бұйрық	Менгеруші
3	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы 2023ж № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен (09.09.2022 № 394) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының талаптарына сәйкестігін талдау; Оқу жұмыс жоспарларының көшірмелерін дайындау.	13-15.11.2023ж	2020-2021 2021-2022 2022-2023 (қыркүйек-наурыз) о.ж. Оқу жұмыс жоспарлары, сабақ кестелері, күн тәртібі	Менгеруші, Әдіскер
4	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген (14.10.2022 № 422) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес перспективалық жоспарлар, циклограмма,	13-23.11.2023	2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 (қыркүйек-қараша) о.ж. Барлық топтың перспективалық жоспарлары, циклограммалар	Комиссия мүшелері мен тәрбиешілер

	оқу-қызметін ұйымдастыру көшірмелерін дайындау			
5	Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес тиісті бейін бойынша жоғары педагогикалық білімі бар педагогтер туралы мәліметтерді жинақтау	13-16.11.2023ж	Әдістемелік ұсынымдардың 2- қосымшасын толтыру	Комиссия мүшелері мен тәрбиешілер
6	Педагогтердің жеке құжаттарын сканерлеу жұмыстарын ұйымдастыру	15-17.11.2023ж	Төлқұжаты, білімі, біліктілік арттыру курстары, біліктілік санаты т.б. құжаттардың көшірмелері	Комиссия мүшелері мен тәрбиешілер
7	Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін дайындау	14-20 2023ж	Педагогтар дипломдары	Комиссия мүшелері мен тәрбиешілер
8	Балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру талаптарының сақталуын тексеру	16-22.11.2023ж	Әдістемелік ұсынымдардың 3-қосымшасын толтыру	Комиссия мүшелері мен тәрбиешілер
9	Тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы, аралық қорытынды) болуы және нәтижелерін талдау; Үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелерін (қорытынды) болуы және талдау.	14-22.11.2023ж	Тәрбиеленушілердің жеке даму ерекшеліктерін ің мониторингі	Комиссия мүшелері мен тәрбиешілер
10	Тәрбиеленушілердің жеке даму картасы бойынша атқарылған жұмыстарды көшірмелерін дайындау	22-24.11.2023ж	Тәрбиеленушілердің жеке даму карталары	Комиссия мүшелері мен тәрбиешілер
11	Үлгілік оқыту бағдарламасына сай бала өміріне қауіпсіз және	13-21.11.2023ж	Мектеп жасына дейінгі баланың	Комиссия мүшелері мен тәрбиешілер

	денсаулығын нығайтудағы дамытушы орта құрылуы жөнінде ақпарат		тұлғалық, ақыл- ой өрісінің, әлеуметтік, эмоционалды дамуына ықпал ететін дамытушы орталарын суретке түсіру арқылы ақпарат жинау	
12	ҰБДҚ деректер бойынша балалардың жас топтарын қалыптастыру талаптарының орындалуын бақылау	21- 24.11.2023ж	ҰБДҚ тәрбиеленушілердің қозғалыс бұйрықтары	Комиссия мүшелері мен тәрбиешілер
13	Тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптардың сақталуына талдау жасау	20- 24.11.2023ж	Топтардың перспективалық жоспарлары	Комиссия мүшелері мен тәрбиешілер
14	МДТО ҮОЖ белгіленген мүшелері мен тәрбиешілер тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы.			
15	Білім беру ұйымының жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз етілуі жөнінде мәліметтер жинау	21- 24.11.2023ж	Әдістемелік ұсынымдардың 4- қосымшасын толтыру	Комиссия мүшелері мен тәрбиешілер
16	Оқу-әдістемелік кешендердің болуы туралы мәліметтер	27- 28.11.2023ж	Әдістемелік ұсынымдардың 5- қосымшасын толтыру	Комиссия мүшелері мен тәрбиешілер
17	Өзін-өзі бағалау өлшем шарттарына сәйкес бағалау парағын толтыру	28.11.2023ж	Бағалау парағы	Комиссия мүшелері мен тәрбиешілер

18	Педагогикалық отырысын өткізу	кеңес	30.11.2023ж	Педкеңес хаттамасы	Меңгеруші
19	Өзін-өзі қорытындысын сайтына, ресурстарында	бағалау мекеме интернет	30.11.2023ж	http://balapan.aitekebi.edu.kz /kz/ орналастыру	Меңгеруші, Әдіскер

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Балапан» мектепке дейінгі ұйымы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны




Государственное коммунальное казенное предприятие «Дошкольная организация «Балапан» государственного учреждения «Отдел образования Айтекебийского района Управления образования Актыубинской области»

030106 Аралтоғай ауылы
Амангелді көшесі № 15 үй
Тел/факс 8/71-339/23-1-18
Эл.почта: balapan2010@list.ru

030106 село Аралтоғай
ул. Амангелди дом №15
Тел/факс 8/71-339/23-1-18
Эл.почта: balapan2010@list.ru

Аралтоғай селосы

с.Аралтоғай



Анықтама

МКҚК «Балапан» мектепке дейінгі ұйымында 2023-2024 оқу жылында ерекше білімді қажет ететін бала тіркелмеді.

МКҚК «Балапан» мектепке
дейінгі ұйым меңгерушісі:



А.К.Абдиганиева

**«Балапан» мектепке дейінгі ұйымы МКҚК-ның
кезектен тыс № 2 педагогикалық кеңес хаттамасының көшірмесі**

Өткізілу күні: 30.11.2023ж

Қатысушылар: 10 адам (тізім бойынша)

Педагог - 8

Шаруашылық меңгерушісі – 1

Медбике - 1

Кеңес төрағасы: меңгеруші А.К.Абдиганиева **Хатшы:** тәрбиеші А.Ерназарова

Күн тәртібінде:

1. «Балапан» мектепке дейінгі ұйымы МКҚК өзін-өзі бағалау барысында жүргізілген жұмыс қорытындысы туралы.

ТЫҢДАЛДЫ:

Балабақша меңгерушісі А.К.Абдиганиева сөз алды:

2023 жылдың 10-30 қараша аралығында білім беру саласындағы ҚР Заңдарының орындалуын бақылау және мектепке дейінгі мекемелерде білім беру қызметінің ҚР жалпы білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкестігін анықтау мақсатында «Балапан» мектепке дейінгі ұйымы өзін-өзі бағалау жұмысы өткізілді.

Балабақшаның өзін-өзі бағалау жұмысы материалдарын қарап талдай отырып, комиссия мүшелері төмендегідей атап көрсетті:

Өзін-өзі бағалау жұмысы барысында комиссия мүшелері Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға өлшем шерттарды, ҚР ОАМ-нің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларының сақталуына талдау жүргізді:

«Балапан» мектепке дейінгі ұйымы 5 күндік жұмыс аптасы, 10,5 сағат баланың болуымен, оқу-тәрбие процесінің үздіксіз тәртібінде жұмыс жасайды. Өзін-өзі бағалау жұмысы барысында жасалған талдау шаралары, педагогикалық ұжымның оқу жоспарына сай жұмыс жасайтындығын анықтауға мүмкіндік берді.

Оқу жоспарында көрсетілген талаптарды орындап, тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктерін ескере отыра оқу-тәрбие жұмысы жүргізілген. Іс- құжаттардың стандарт талаптарына сай жүйелі түрде жасалғаны анықталды.

«Балапан» мектепке дейінгі ұйымы 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары білім беру процесінде Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын (бұдан әрі Стандарт 2018 жылға 31 қазандағы №604), (2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 ҚРҰҚ, №557 бұйрығы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқыту бағдарламасын), (ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығын)

сонымен бірге ҚР «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Заңдарын, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқыту бағдарламасының әдістемелік нұсқаулықтарын басшылыққа алса, 2023-2024 (қыркүйек- қараша) оқу жылында тәрбиелеу мен оқыту қызметін мектепке дейінгі ұйымдар

қызметінің тәртібін айқындайтын Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен 1-қосымшасы бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» негізінде, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарын басшылыққа алып жұмыс жүргізілген.

ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналаған мемлекеттік бағдарламасын, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделі 15.03.2021 жыл № 137 қаулысы негізінде әзірленген, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мақсаты балалардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, олардың жан-жақты үйлесімді дамуы үшін жайлы және қауіпсіз жағдайлар жасау бағытына сәйкес ұйымдастырылған оқу жоспарының құрылымы барысында инвариантты және вариативті оқу қызметінде кемшіліктер болған жоқ.

«Балапан» мектепке дейінгі ұйымы 2021-2023 жылдарға арналған жұмыс жоспарының мазмұнына балабақшаның мақсат-міндеттері сәйкес. Өткен оқу жылдарының жұмыстарын талдау барлық бағыттарда жасалған. Жоспарланған шаралар уақтылы өткізілген.

Балабақшаның оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметтің жоспарлары мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының талаптарына сәйкес келеді. Балабақшаның білім беру қызметі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес іске асырылған. Мекеменің педагогикалық кадрлары түгелімен тиісті бейін бойынша жұмыс жасайды. 2023-2024 (қыркүйек-қараша) оқу жылының педагогтарының сапалық құрамы бойынша: балабақша меңгерушісі «педагог – модератор» санатында болса, 2 педагог - «Педагог-модератор», 1 педагог - «I санатты», 1 педагог - «II санатты», «санаты жоқ» - 3 педагог бар.

«Балапан» мектепке дейінгі ұйым МКҚК-нда Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығына 1-қосымша "Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары" талаптары сақталған. Мектепке дейінгі ұйым сыйымдылығы 50 балаға, 3 топқа арналған. Топтар «Жас ерекшелігі әртүрлі қағидасы» бойынша жас топтарына толықтырылған. Олар «Балапан» кіші тобы 14 бала, «Балбөбек» ортаңғы тобында 15 бала, «Балдырған» ересек тобында 15 бала.

Әдістемелік қызмет жұмыстарының басым бағыттары жаңартылған білім негізін басшылыққа ала отырып жүргізілген. Балабақша әдістемелік қызметі бойынша тәрбиешілердің жұмыстары жүйелілігі мен инновациялық мазмұнымен ерекшеленеді.

Педагогикалық ұжымның кәсіби шеберлігінің көрсеткіші балабақшадағы әдістемелік жұмыстың тиімділігінде, жетістікке жету негіздері қалыптастырылған, оқытудың жаңа технологиялары, яғни 4К моделі енгізілген 2021-2022 оқу жылдарындағы топтардың перспективалық жоспарлары смарт-мақсат, яғни балаға бағытталған қолжетімді бағытта жоспарланған әдістемелік тиімділікті

диагностикалау жақсы жолға қойылған. 2022-2023, 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда мектепке дейінгі ұйым педагогтары: күні бойы ойын арқылы оқыту, түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, кимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту қағидаларын басты назарда ұстанған.

Балабақшада мектепке дейінгі ұйымдарды жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету жұмысы "Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылған. Мектепке дейінгі ұйымдағы заттық- кеңістіктік дамытушы орта: қауіпсіз, қолжетімді, әртүрлі, мазмұнды, көп атқарымды, өзгермелі, тартымды болу талаптарына сәйкес келеді. Мектепке дейінгі мекеме компьютерлермен, интернет жүйесімен қамтылған.

Мектепке дейінгі ұйымда оқу-әдістемелік кешендер Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 22 мамырдағы 2020 жылғы № 216 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады. Баланың танымдық, сөйлеу, шығармашылық іс-әрекетін, коммуникативтік қабілеттерін қалыптастыру үшін қолданылатын дидактикалық оқу құралдары мен үлестірмелі материалдар жеткілікті және эстетикалық талғамға сай. Аудиотека, видеотека бойынша қазақ тілдерінде ертегілер, жаңылтпаштар, санамақтар, сергіту сәті дискілердің данасы, ұйымдастырылған оқу қызметтерінің әдістемелік құралдары т.б. жинақталған.

Балабақша басқару әкімшілігі өз жұмыстарын құқықтық-нормативтік құжаттардың базалық ерекшеліктеріне сай және өз қызметтерін балабақшаның жылдық жұмыс жоспарына сәйкестендіріп жүргізеді.

Балабақшаның жұмыстық оқу жоспары, ұқыпты жүйеленіп жасалған. Балабақша әкімшілігі педагогтардың ізденушілікпен жұмыс жасауына көңіл бөледі. Балабақша педагогтарының мақалалары облыстық, республика көлемінде баспа беттерінде жарияланған.

Мектепке дейінгі ұйымда ұсынылатын білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау бойынша білім беру процесіне қатысушылардың сауалнамасын жүргізу үшін білім беру саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесіне 09.03.2023ж күні өтінішхат жіберіліп, онлайн форматында сауалнама алынды. Балабақшаның ересек тобының 14 (оның ішінде 1-еуі егіз баланың анасы) ата-анасы түгелімен жүргізілген сауалнамаға жауап берді. Сауалнама нәтижесі бойынша тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған респонденттер үлесі 93%-ды көрсетті.

Балабақша педагогтарынан (9 педагог) алынған сауалнама нәтижесі бойынша сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған респонденттер үлесі 92,4%-ды көрсетті.

«Балапан» мектепке дейінгі ұйым өзін-өзі бағалау комиссиясы жүргізілген жұмыстарының есебі негізінде бағалау парағы рәсімделіп, бағалау өлшемшерттарына өлшеуіштер бойынша 35 балл қойылып, қорытынды баға «жақсы» деп бағаланды.

Өзін-өзі бағалау жұмыстары тыңдалып және талқыланып педагогикалық кеңес төмендегідей шешім шығарды:

Шешім:

1. «Балапан» мектепке дейінгі ұйым өзін-өзі бағалау барысында жүргізілген жұмыс қорытындысы бойынша Стандарт талаптарына сәйкес деп есептелсін.
2. Өзін-өзі бағалау жұмысы барысында балабақшаның оқу-тәрбие үрдісінің ұйымдастырылуы мен педагогтардың кәсіби қызметтеріне дайындығы бойынша анықталған көрсеткіштерге сәйкес деп танылсын.
3. Өзін-өзі бағалау бойынша қаралған жұмыстың құжаттарының көшірмелері, балабақшаның интернет ресурстарына орналастырылсын.

Хаттама көшірмесі дұрыс

Педагогикалық кеңес төрайымы:

Хатшы:




А.К.Абдиганиева

А.К.Ерназарова

Комиссия төрайымы:

А.К.Абдиганиева




Комиссия мүшелері:


Л.А.Калмагамбетова

А.К.Ерназарова

А.С.Абдуалиева

Н.С.Абдуллина



Білім беру ұйымдарын бағалау
өлшемшарттарының 4-қосымшасы

Бағалау парағы
«Балапан» мектепке дейінгі ұйым МКҚК

р/с	Бағалау өлшемшарттары	Білім беру ұйымына тиісті өлшеуішті бағалау мазмұны	Балдары
1	Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі	Жоғарғы білімді педагог - 8 Арнаулы орта білімді - 2 Барлық 10 педагогта «Мектепке дейінгі тәрбие педагогикалық қайта даярлауды мен оқыту» бейіні бар, үлесі - 80%	3
2	Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) үлесі	Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің- 6 (оның ішінде басшылардың бес жылда бір реттен -80%	3
3	Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі	Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі -97%	4
4	Білім беру ұйымының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 тіркелген) сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуы	Білім беру ұйымының жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуы жақсартуды қажет ететін үлес - 95%	4
5	Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді	«Балапан» мектепке дейінгі ұйымда ерекше білімді қажеттілігі бар балалар жоқ. Балабақша кіре берісіне пандус орнатылған. Педагог психолог маманда	3

	мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23513 тіркелген) сәйкес жағдай жасау	ерекше білім беруіне қажеттілігі бар балаларды тәрбиелеуге арналған курс қарастырылған. Ерекше білім беруіне қажеттілігі бар балаларды тәрбиелеуге арналған әдістемелік құралдар жинақталған, үлесі-82%	
6	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20708 тіркелген) сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету	Мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету үлесі - 80%	3
7	Жас топтары толықтырылуының сәйкестігі (топтар бөлінісінде)	Жас топтарды қалыптастыру кезінде тәрбиеленушілердің жас кезеңдері ескерілген, үлесі -100%	5
8	Ата-аналардың сауалнама нәтижелерін талдау	Балабақшаның ересек тобының ата –аналарынан (14 ата –ана (оның ішінде 1 ата-ана егіз баланың анасы үшін) алынған сауалнама нәтижесі үлесі -93%	5
9	Педагогтердің сауалнама нәтижелерін талдау	Балабақша педагогтарынан (9 педагог) алынған сауалнама нәтижесі, үлесі-92,4%	5
Барлығы			35 (жақсы)

Комиссия мүшелері:

Л.А.Калмагамбетова

А.К.Ерназарова

А.С.Абдуалиева

Н.С.Абдуллина

